Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
Қызылқия ауылы округі
әкімі

Аким
сельского округа Кызылкия
Казыгуртского района
Туркестанской области

ӨКІМ

04.02.2026 жыл

Қызылқия ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 13

село Кызылкия

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының (бұдан әрі-заң) 16-бабы 3-тармағы 1,25,28-тармақшаларына жеделдігін, бәсекелестік сатып алу қорытындылары бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың ұзақ мерзімдерін «шамамен 17 күнтізбелік күн), сондай-ақ сапалы қызметтер (біліктілік еңбек ресурстары) алу қажеттілігін ескере отырып және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 506,507,508 және 509 тармақтары негізінде **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1.Келесі тауар, жұмыс, қызметтерді тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен:

1) ЖШС «Оңтүстік Жарық Транзит» -мекемені электр энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтер;

2) «Таза су» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК- ауыз су беру бойынша қызметтер;

3) ЖШС «Туран газ-7» - мекемені жылумен жабдықтау бойынша қызметтер;

4) АҚ «Ақпараттық-есептеу орталығы»- мемлекеттік мүлік тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер;

5) «Иновациялық білім беру орталығы» -бағдарламалық жасақ пен балама жүйелерді біріктіру бойынша қызметтер;

6) ЖК «Бекеева А»- кеңсе және шаруашылық заттарын сатып алу, картридж толтыру қызметі ;

7) ЖК «Аширова»- картридж сатып алу;

8) ЖК «5EDA» -компьютерлік периферияльық кеңсе жабдықтарын және олардың бөлшектерін жөндеу бойынша жұмыстар;

9) ЖК «Nur» -климаттық жабдықтарды,вентиляциялық жүйелер мен жабдықтарды жөндеу, жаңғырту бойынша жұмыстар

10) ЖШС «Азия-Сервис»- Ақпараттық жүйеде ілесу және техникалық қолдау бойынша қызметтер

11) ЖК «Қуандыкова» -автокөлік құралдарын жөндеу бойынша жұмыстар

12)"Қазығұрт Бауырлары" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия ауылдық округінің көшелерін күтіп ұстауға;

2.Сатып алуды ұйымдастырушы А.Эрматоваға мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

3.Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы өкім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Ауыл әкімі **Б.Махсутов**